

Жумагалиева Г.М., Шыныбаев Д.С.

ПОКАЗАТЕЛИ ЖИВОЙ МАССЫ ПОТОМСТВА МОЛОДЫХ БАРАНЧИКОВ

В статье приводятся данные о живой массе молодых баранчиков предназначенных для проверки по качеству потомства. Кроме этого были изучены живая масса ярочков и баранчиков при рождении, 4,5 и 7 месячных возрастах. По показателям динамики живой массы в группу улучшателей были определены бараны №209620, 200279, 219683, 215329, 220919; нейтральных №200297, 215310; и в группу ухудшателей №203383, 215571, 215531. По результатам исследований нейтральных и баранов ухудшателей необходимо выбраковать из стадо.

Ключевые слова: ярки, баранчики, бараны, живая масса, продуктивность.

Zhumagaliyeva G.M., Shynybayev D.S.

INDICATORS LIVE WEIGHT OFFSPRING OF YOUNG RAMS

The article presents data on the live weight of young rams are designed to test the quality of offspring. In addition, body weight were studied yarochock and rams at birth, 4.5 and 7 months of age. In terms of the dynamics of body weight per group improvers were determined sheep №209620, 200279, 219683, 215329, 220919; neutral №200297, 215,310; and a group uhudshateley №203383, 215571, 215531. According to the research of neutral and sheep uhudshateley must be culled from the herd.

Keywords: bright, rams, sheep, live weight, productivity.

ӘОК 619.614.31.637.636

Жұмагелдиев А.Ә., Өтебаева Г., Есімова Б.Д., Ерғұмарова М.О., Базарбаев Р.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ПЕН ОҢТҮСТІК ҚОЙЛАРЫ ЕТІНІҢ САПАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада мемлекетіміздің өнеркәсібі мен өндірісі дамыған Шығысы және Оңтүстік Шығысы мен Оңтүстігінде өсірілетін қой етінің химиялық құрамы мен май қышқылдары және ауыр металл тұздарының мөлшері салыстырмалы түрде көрсетілген.

Кілт сөздер: қой еті, еттің химиялық құрамы, ауыр металл тұздары, май қышқылдары.

Кіріспе

Елбасы Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жем-азық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді айрықша тапсырды. Нәтижесінде, қой шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды.[1,2] Онда 18 млн қой санын 28 миллионға жеткізу көзделген. Бүгінгі таңда жүргізілген шаралар аз емес, дегенмен қой өсірудің маңыздылығы күн санап артып келеді. Сонымен қатар, қой етіне сұраныс жоғарылауда. Қой етінің тағамдық құндылығы, қуаттылығы, қауіпсіздігі, яғни сапасына деген талап та жоғары. Ол дегеніміз, халықты балауса, жоғары сапалы қой етімен қамтамасыз ету болып табылады. Республикамыздағы өндірісі мен өнеркәсібі дамыған Шығыс және Оңтүстік Шығыс өңірлеріндегі қой етінің сапасына ауыр металл тұздарының әсерін зерттеу үшін, аталған өңірлердегі шаруашылықтардан алынған қой етінің химиялық құрамын, ауыр металл тұздарын және май қышқылдарының түрлері мен мөлшерін салыстырыла отырып тексерілді. Сонымен қатар, қой етіне радионуклидтердің сыртқы ортадағы тағамдық тізбектегі миграциясын және әр түрлі иондаушы сәулелердің және ауыр металл тұздарының жануарлар организміне әсері зерттелді. [3,4 б]

Материалдар мен әдістер

Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының «өнім сапасы, қауіпсіздігі және ветеринариялық санитариялық сараптау» зертханасында және Қазақ тағамтану академиясының «Нутритест» зертханасында Шығыс Қазақстан мен Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында өсірілген қой ұшасынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылама қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы, яғни ет құрамындағы ақзат, май, ылғал және күл мөлшері анықталды. Қой етінің құрамындағы май қышқылдарының мөлшері мен ауыр металл тұздары зерттелді.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Мемлекетімізде қой шаруашылықтары тұрақты дамуда. Үкіметтің көмегінің нәтижесінде, яғни мемлекеттік бағдарламалар да бұл саланың дамуына өз үлесін қосуда. Қой саны 18 миллионға жуықтады. Олардан алынатын өнімдер өндіру деңгейі күн санап өсіп келеді.

Мәселен, бір адам жылына 85-90 келі ет тұтынуы қажет болса, бүгінде адам басына шаққанда 40 келі ғана ет өндіріледі екен. Адамның күнделікті тұтынатын тағамдарының 60 пайызы – мал шаруашылығы өнімдері. Бүгінгі таңда тағам қауіпсіздігі мемлекетіміздің ұстанып отырған саясатының негізгісі болып отыр.

Халқымыздың негізгі тұтынатын тағамдық өнімдерінің маңыздысы ет және ет өнімдері болғандықтан, қажетті ақзатқа сұраныс осы арқылы қамтамасыз етіледі. Олардың тағамдық құндылығы, қорытылуы, сіңімділігі оның құрамындағы ақзаттың, ылғалдың, майдың және күл мөлшеріне байланысты. Сондықтан, мемлекетіміздің өнеркәсібі мен өндірісі дамыған Шығысы, яғни Шығыс Қазақстан облысы және Алматы облысы, бұл Оңтүстік Шығыс пен Оңтүстігі, ол Оңтүстік Қазақстан облысында өсірілетін қой етінің химиялық құрамы салыстырыла отырып зерттелді.

Ет құрамындағы май органикалық заттардың және дәрумендердің негізгі еріткіштері болып табылады. Еттің қуаттылығын арттырып, қорғаныстық, метаболизмдік және құрылымдық қызметтер атқарады. Етке өзіндік хош иіс пен дәм береді. Энергия депосы және жылу көзі болып табылады. Сонымен қатар, механикалық әсерлерден сақтайды.

Ет құрамында биохимиялық үдерістер жүруіне ылғалдың әсері мол. Және де өнімнің тағамдық, тауарлық құндылығы, сақтау кезіндегі тұрақтылығы, сонымен бірге микробиологиялық үрдістерде ет құрамындағы ылғалдың үлесі жоғары.

1-кесте. Қой етінің химиялық құрамы, г/100г есебімен (n=10)

Көрсеткіштер	Ақзат	Май	Ылғал	Күл	Энергетикалық құндылығы ккал/100г
Алматы облысы	18,3±0,5	15,1±0,3	65,6±0,5	1,0±0,06	209,1
Оңтүстік Қазақстан облысы	20,3±0,6	14,7±0,4	64,1±0,7	0,9±0,02	213,5
Шығыс Қазақстан облысы	17,6±0,6	16,4±0,5	64,9±0,6	1,1±0,6	218,0

Ауыл шаруашылығы ел экономикасын алға сүйрейтін жетекші саланың бірі. Біздің ел экономикасының екі басым бағыты - индустрия және аграрлық сала. Ауыл шаруашылығында ядролық энергияны пайдалану әрине, мемлекеттің кейбір өндірістерінің дамуына көмектеседі. Бірақ, ядролық энергияны және ядролық құрылғыларды кеңінен пайдалану - сыртқы ортаның радиоактивті заттармен ластанудың бірден - бір көзі болып табылады. Халықты қауіпсіз өнімдерімен қамтамасыз ету үшін, ет өнімдеріндегі ауыр металл тұздарының мөлшерін зерттеу және ветеринариялық санитариялық сапасын анықтау болып табылады. Осыған орай, қой етіндегі ауыр метал тұздарының түрлері мен мөлшерін, деңгейін үнемі бақылау өзекті мәселе болып тұр.

2-кесте. Қой етінің құрамындағы ауыр металл тұздарының мөлшері мг/кг (n=10)

Улы элементтер, мг/кг	Алматы облысы	Оңтүстік Қазақстан облысы	Шығыс Қазақстан облысы
Қорғасын	0,020± 0,03	0,027 ± 0,02	0,028± 0,04
Кадмий	0,0051± 0,02	0,0053 ± 0,01	0,0057± 0,02
Сынап	0,0013± 0,03	0,0017± 0,03	0,0021± 0,02
Мышьяк (күшала)	0,021± 0,002	0,023 ± 0,003	0,025± 0,002

Біздің республика азаматтарының әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудың қазіргі заманғы кезеңінде басты және өзекті бағыты қазақстандық қамтуды дамыту болып табылады.

Ет сапасы, организмге сіңімділігі оның құрамындағы қаныққан, қанықпаған май қышқылдарына байланысты. Сондықтан, зерттеуге алынған қой етінің құрамындағы май қышқылдарының мөлшері анықталды. Ол 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Қой етінің май қышқылдық құрамы, г /100г есебімен (n=10)

Май қышқылдық құрамы	Алматы облысы	Оңтүстік Қазақстан облысы	Шығыс Қазақстан облысы
Қаныққан	7,42 ± 0,3	7,21 ± 0,2	8,06 ± 0,2
C _{14:0} миристин	0,53 ± 0,2	0,51 ± 0,4	0,58± 0,3
C _{16:0} пальмитин	3,59 ± 0,3	3,49 ± 0,2	3,90 ± 0,3
C _{18:0} стеарин	3,30 ± 0,4	3,21 ± 0,4	3,58± 0,3
Моноқанықпаған	6,25± 0,5	6,09± 0,3	6,79± 0,4
C _{14:1} миристолеин	0,09± 0,02	0,08± 0,01	0,10± 0,02
C _{16:1} пальмитолеин	0,36± 0,2	0,35± 0,2	0,39± 0,2
C _{18:1} олеин	5,80± 0,3	5,66± 0,2	6,30± 0,3
Полиқанықпаған	0,51± 0,2	0,47± 0,2	0,56± 0,2
C _{18:2} линол	0,34 ± 0,4	0,33 ± 0,2	0,37± 0,3
C _{18:3} линолен	0,15± 0,2	0,13± 0,3	0,16± 0,4
C _{20:4} арахидон	0,02± 0,02	0,01± 0,01	0,03± 0,02
Май қышқылдарының мөлшері	14,18	13,77	15,41

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей еліміздің Оңтүстік Шығысында өсірілетін қой етінің құрамындағы май қышқылдарының жалпы мөлшері бойынша 14,18 г /100г болса, Оңтүстіктегі өсірілетін қойларда бұл мөлшер 13,77 г /100г құрады, ал еліміздің Шығысында өсірілетін қой етінің құрамындағы май қышқылдарының бұл мөлшері 15,41 г /100г көрсетті.

Еліміздің Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс және Шығыс өңірлерінде өсірілетін қой етінің құрамын тексергенде, химиялық құрамы бойынша ақзат мөлшері Оңтүстіктің қойлары етіндегі ақзат құрамының Алматы облысында өсірілетін қой етінің құрамындағы мөлшер 90,1% болса, бұл көрсеткіш Шығыс Қазақстан облысы өңірінде өсірілетін қойлардың етінде ақзат мөлшері 86,7 % көрсетті. Май құрамы бойынша Шығыс Қазақстан облысында өсірілетін қой етіндегі мөлшердің 92,1 % Алматы облысында өсірілетін қой еті құрамындағы май мөлшері көрсетсе, бұл көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан облысында өсірілетін қойлардағы мөлшер 89,6 % болды. Ал, энергетикалық құндылық Шығыс Қазақстан облысы өңірінен әкелінген сынамаларда 218,0 ккал/100г болса, Оңтүстік өңірінен алдырылған сынамаларда 213,5 ккал/100г болды. Алматы облысынан алынған сынамаларда бұл мөлшер 209,1 ккал/100 г көрсетті.

Қорытынды

Еліміздің Оңтүстік пен Шығыс өңірлерінен алынған сынамаларды салыстыра отырып зерттегенде ақзат мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысынан әкелінген сынамалар басқа сынамалардан 10-14 % жоғары. Ал, май мөлшері Шығыс Қазақстан облысының қойларымен салыстырғанда 10-11 % жоғары. Ылғал мен күл мөлшері шамалас. Энергетикалық құндылығы бойынша Шығыс Қазақстан облысынан әкелінген сынамалардың құндылығы жоғары болды.

Әдебиеттер

1. Қырықбайұлы С., Телеуғали Т., Жұмагелдиев А.Ә., Ветеринариялық санитариялық сараптау практикум. Алматы 2013 ж.
2. Шуклин Н.Ф., Қырықбайұлы С., Жұмагелдиев А.А., Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация. Алматы 2011 г.
3. Жұмагелдиев А.Ә., Ромашев Қ.М., Төлепова Г.К. Сойыс малдарын тасымалдау және жұқпалы аурулар кезінде мал өнімдерін санитариялық бағалау. Алматы 2012 ж.
4. Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.Ә. Кәсіби ауланатын жануарлар өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау және санитариялық бағалау. Алматы 2012 ж.
5. Сарсембаева Н.Б., Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.Ә. Шағын кәсіпорын жағдайында мал өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау. Алматы 2013 ж.

Жұмагелдиев А.А., Есимова Б.Д., Ергумарова М.О., Базарбаев Р.К., Утебаева Г.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА КАЧЕСТВА МЯСА БАРАНИНЫ ВОСТОЧНЫХ, ЮГО ВОСТОЧНЫХ И ЮЖНЫХ РЕГИОНОВ

Резюме В статье приведены данные результатов исследования мяса баранины Южных и Восточных регионов в сравнительном аспекте.

Ключевые слова: мясо баранины, химический состав мяса, соли тяжелых металлов, количества жирных кислот.

Zhumageldiev A., Esimova B., Ergumarova M., Bazarbaev R., Utebaeva G.

COMPARATIVE EVALUATION OF THE QUALITY OF MUTTON EASTERN, SOUTH EASTERN AND SOUTHERN REGIONS

Summary This article presents the results of scientific research on lamb meat. South and East regions in comparative way.

Key words: Lamb, chemical composition of meat, metals salt amount of Lipolacids.

УДК 619:617.577:591.47

**Заманбеков Н.А., Кобдикова Н.К., Саттарова Р.С.,
Туржигитова Ш.Б., Жылгелдиева А.А.**

Казахский национальный аграрный университет

ВЛИЯНИЕ БИОСТИМУЛЯТОРА «ГЦС» НА ДИНАМИКУ ЖИВОЙ МАССЫ И СОХРАННОСТЬ ЦЫПЛЯТ-БРОЙЛЕРОВ

Аннотация

В данной статье приводятся результаты научно-экспериментального опыта по изучению влияния стимулирующей дозы гипофизарной цитотоксической сыворотки на